

*Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 2018 жылғы 1 қаңтарға
шоғырландырылған қаржылық және бюджеттік
есебіне түсіндірме жазба*

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 13 қыркүйектегі № 328 Жарлығы негізінде құрылған.

Агенттік өз қызметін Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 5 қазандағы № 349 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Агенттіктің құрамына 34 мемлекеттік мекеме, оның ішінде агенттіктің орталық аппараты, оның 16 облыстық, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық департаменттері, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Ұлттық бюросы мемлекеттік мекемесінің орталық аппараты және оның 16 облыстық, Астана және Алматы қалалары бойынша аумақтық департаменттері кіреді.

Агенттіктің негізгі функциясы мемлекеттік қызмет саласындағы басшылық және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау мен бақылауды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде сыбайлас жемқорлық қылмыстар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды анықтау, жолын кесу мен ашу бойынша салааралық үйлестіру болып табылады.

Агенттіктің бухгалтерлік есеп Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 7 қыркүйектегі № 444 бұйрығымен бекітілген Есеп саясаты және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 2010 жылғы 3 тамыздағы № 393 бұйрығымен (әрі қарай-Бұйрық) бекітілген Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды жүргізу Қағидалары негізінде жүргізілді. Қорлар мен негізгі құралдарды есепке алу тәртібі де Бұйрық негізінде жүргізіледі. Қорларды есепке алу материалдардың атауы мен жауапты тұлғалар бойынша сандық және сома түрінде жүргізіледі. Негізгі құралдарды есепке алу бастапқы құндары мен амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып ай сайын амортизацияны есептеу арқылы іске асырылады.

Агенттіктің шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 6 желтоқсандағы № 640 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері мен бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың шоғырландырылған қаржылық есептілікті жасау Қағидалары және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 2 желтоқсандағы № 630 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелердің, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың бюджеттік есептілікті жасау және ұсыну қағидалары негізінде жасалды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН БУХГАЛТЕРЛІК БАЛАНС

010 жол бойынша 265 406,4 мың теңге ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-дағы қалдық ақша.

013 жол бойынша 13,6 мың теңге, оның ішінде:

111 ерекшелік «Еңбекке ақы төлеу» 0,1 мың теңге қызметкерлердің жеке табыс салықтары бойынша артық төленген дебиторлық берешек;

112 ерекшелік «Қосымша ақшалай төлемдер» 9,9 мың теңге қызметкерлердің жеке табыс салықтары бойынша артық төленген дебиторлық берешек;

131 ерекшелік «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» келісім шартпен еңбек ететін қызметкерлердің жеке табыс салығы 0,2 мың теңге;

135 ерекшелік «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» әлеуметтік салық 3,4 мың теңге.

017 жол бойынша 74 381,8 мың теңге:

161 ерекшелік «Ел ішіндегі іс-сапарлар мен қызметтік сапарлар» 14 907,1 мың теңге қызметкерлердің іс-сапар шығындары;

167 ерекшелік «Ерекше шығындар» 59 456,6 мың теңге қызметкерлердің ерекше шығындары;

111 ерекшелік «Еңбекке ақы төлеу» 15,9 мың теңге қызметкерлердің жалақысы артық төленген себепті қалыптасқан дебиторлық берешек;

131 ерекшелік «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» 2,2 мың теңге қызметкерлерге артық төленген дебиторлық берешек.

019 жол бойынша 1 372,8 мың теңге, оның ішінде:

- бюджеттік емес қаражат есебінен - 1 136,1 мың теңгеге Алматы қаласы бойынша Ұлттық бюро департаментінде таратылған Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Алматы қаласы бойынша департаментінен қабылдап алынған қызметкерлерге берілген несие дебиторлық берешек;

- 236,7 мың теңге қызмет көрсетушілермен есепті салыстырып тексеру актілері бойынша артық төленген дебиторлық берешек.;

020 жол бойынша 692 770,8 мың теңге қорлардың баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы сальдо.

Есепті кезеңдегі қорлардың түсуі 625 486,3 мың теңге, оның ішінде:

- 461 779,2 мың теңгеге бюджеттен қаржыландыру бойынша;

- 157 048 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында түсу есебінен;

- 1 717,3 мың теңге басқа мемлекеттік органдардан өтеусіз түскен қорлар;

- 578,5 мың теңге басқа ұйымдардан өтеусіз түскен қорлар;

- 567,6 мың теңге негізгі құралдардан ауыстырылған қорлар;

- 3 795,7 мың теңге тәркіленген жанар-жағар май кірістелді.

Есепті кезеңдегі қорлардың шығуы 550 467,7 мың теңге, оның ішінде:

- 358 446,6 мың теңге мекеменің мұқтаждығына жұмсалғаны;

- 3 750,7 мың теңге қорлардан негізгі құралдарға ауыстырылған;

- 157 048,0 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында беру есебінен;

- 31 214,1 мың теңге басқа мемлекеттік органдарға өтеусіз берілген қорлар;

- 8,3 мың теңге кірістелген жанар жазар майдың ақшасы.

021 жол бойынша 193,9 мың теңгеге шарттар негізінде аванстық кітапша үшін келісім шарт есебінен біржылдық алдын ала төлемнің қалдығы бойынша дебиторлық берешек.

022 жол бойынша 3 139,6 мың теңге 2018 жылға баспасөзге жазылу шығындары.

110 жол бойынша 3 664 119,6 мың теңге ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары ведомстволық бағыныстағы Мемлекеттік қызметтің персоналын басқару Ұлттық орталығы Акционерлық қоғамы мен Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының жарғылық капиталы.

114 жол бойынша 8 140 081,8 мың теңге негізгі құралдардың есепті кезеңнің аяғындағы қалдығы.

Баланстық құны бойынша негізгі құралдардың түсімі –4 112 660,2 мың теңге, оның ішінде:

-2 074 690 мың теңге бюджеттен қаржыландырудан;

2 037 970,2 мың теңге, оның ішінде:

- 1 265 148,8 мың теңге басқа мемлекеттік органдардан;

- 75 507,9 мың теңге басқа ұйымдардан өтеусіз түскені;

- 607 607,0 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында өтеусіз түскені;

-3 750,7 мың теңге қорлардан ауыстыру арқылы түскен негізгі құралдар;

-47 900,3 мың теңге әртүрлі себептермен кірістелген;

-28 048,9 мың теңге тәркіленген негізгі құралдар;

-10 006,6 мың теңге, оның ішінде 1 484,2 мың теңге артех қаруларға амортизацияны есептелуіне, сонымен бірге шоттар арасындағы ауыстыру арқылы түскен негізгі құралдардың амортизациясын түзетуіне байланысты және 8 522,4 мың теңге шоттар арасындағы ауыстыру арқылы.

Баланстық құны бойынша негізгі құралдардың шығуы 714 068,7 мың теңге, оның ішінде:

- 458,6 мың теңге негізгі құралдардан қорларға ауыстырылған;

- 607 607,0 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында өтеусіз шыққандары;

- 81 189,8 мың теңге басқа мемлекеттік органдарға берілген;

- 15 864,1 мың теңгеге негізгі құралдар сатылған;

- 8 949,2 мың теңге, оның ішінде 8 522,4 мың теңге шоттар арасындағы ауыстырулар бойынша және 475,1 мың теңге артех қаруларға амортизацияны есептелуіне, сонымен бірге шоттар арасындағы ауыстыру арқылы түскен негізгі құралдардың амортизациясын түзетуіне байланысты.

115 жол бойынша 914 283,1 мың теңге аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдардың жыл аяғындағы қалдығы. 2017 жылы 744 688,5 мың теңге материалдық емес активтерге кірістелді және ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне 56 000,0 мың теңгеге аяқталмаған құрылыс және күрделі салымдар алыс - беріс актісі бойынша берілді.

118 жол бойынша 1 543 139,8 мың теңге материалдық емес активтердің баланстық құны бойынша есепті кезеңнің аяғындағы қалдығы.

Баланстық құны бойынша түскені 960 425,5 мың теңгеге, оның ішінде:

-954 779,5 мың теңге бюджеттен қаржыландырудан;

-5 646,0 мың теңге, оның ішінде:

-917,1 мың теңге басқа мемлекеттік органдардан;

-72,8 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында өтеусіз түскені;

-349,4 мың теңге басқа ұйымдардан;

-4 306,6 мың теңге шоттар арасында өзгеріс болуы себептен.

Баланстық құны бойынша шыққаны 30 634,2 мың теңге, оның ішінде:

-72,8 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында өтеусіз түскені;

-26 254,8 мың теңге өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелер арасында өтеусіз берілген және есептен шығарылған;

-4 306,6 мың теңге шоттар арасында өзгеріс болуы себептен.

212 жол бойынша 22,9 мың теңге бюджетке төленетін төлемдер бойынша кредиторлық берешек, оның ішінде:

121 ерекшелік «Әлеуметтік салық» 2,9 мың теңге әлеуметтік салық;

131 ерекшелік «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу» келісім шартпен еңбек ететін қызметкерлердің жеке табыс салығы 19,4 мың теңге;

135 ерекшелік «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» әлеуметтік салық 0,6 мың теңге.

215 жол бойынша 12 235,6 мың теңге келісім шарт бойынша мердігерлермен арадағы есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек.

218 жол бойынша 67 175,3 мың теңге, оның ішінде:

67 144,2 мың теңге қызметкерлердің демалыс ақылары бойынша құрылған резервтер;

31,1 мың теңге:

131 ерекшелік «Техникалық персоналдың еңбегіне ақы төлеу 3,0 мың теңге келісім шартпен еңбек ететін қызметкерлердің жалақысы;

135 ерекшелік «Техникалық персонал бойынша жұмыс берушілердің жарналары» еңбекке уақытша жарамсыздық парағы бойынша қаражаттың жетіспеушілігіне байланысты қызметкердің алдындағы берешек 1,8 мың теңге;

167 ерекшелік «Ерекше шығындар» 26,3 мың теңге.

221 жол бойынша 265 406,4 мың теңге ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-дағы жеке және заңды тұлғалардың қайтарылатын ақшалары.

412 жол бойынша 14 954 063,0 мың теңге жинақталған қаржылық нәтиже.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылғы 1 қаңтарға Агенттікте 19 679 965,2 мың теңге қаражат кірістелді, оның ішінде:

- 17 395 184,2 мың теңге міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жоспарына сәйкес ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынған кірістер;

- 2 284 781,0 мың теңге күрделі салымдар бойынша кірістер.

Өзге кірістер 1 443 146,5 мың теңге, оның ішінде:

басқа мемлекеттік органдардан өтеусіз қабылданған 1 267 783,2 мың теңге, оның ішінде:

- 1 717,3 мың теңгеге қорлар;

- 1 265 148,8 мың теңгеге негізгі құралдар;

- 917,1 мың теңгеге материалдық емес активтер.

өзге ұйымдардан өтеусіз түскені 76 435,8 мың теңге, оның ішінде:

- 578,5 мың теңгеге қорлар;

- 75 507,9 мың теңгеге негізгі құралдар;

- 349,4 мың теңгеге материалдық емес активтер.

өзге кірістер 98 927,5 мың теңге, оның ішінде:

-28 048,9 мың теңге кірістелген тәркіленген автокөлік;

-47 900,3 мың теңге әртүрлі себептермен кірістелген;

-19 182,6 мың теңге ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-ға аударылған ақша қаражаттары;

-3 795,7 мың теңге тәркіленген қорлар.

Өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерден өтеусіз қабылданған 764 727,8 мың теңге элиминирленген, оның ішінде:

- 157 048,0 мың теңгеге қорлар;

- 607 607,0 мың теңгеге негізгі құралдар;

- 72,8 мың теңгеге материалдық емес активтер.

2018 жылғы 1 қаңтарға шығыстар 31 214,1 мың теңге, ол басқа органдарға өтеусіз берілген қорлар, өз жүйесіндегі мемлекеттік мекемелерге өтеусіз берілген қорлар 157 048,0 мың теңгеге элиминирленген.

Ұзақ мерзімді активтердің шығуы (172 983,7) мың теңге, оның ішінде: ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен кіріс 6 325,0 мың теңге, ұзақ мерзімді активтердің шығуынан 179 308,7 мың теңге.

Есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі 1 730 627,7 мың теңгені құрады.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ КӨЗДЕРІ БОЙЫНША (ТІКЕЛЕЙ ӘДІС) АҚША ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2018 жылғы 1 қаңтарға ақша қаражатының түсуі – 19 844 326,9 мың теңгені құрады, оның ішінде:

- 17 395 724,8 мың теңге міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарына сәйкес ағымдағы қызметті қаржыландыру есебінен;
- 2 284 782,4 мың теңге күрделі салымдарды қаржыландыру есебінен;
- 160 978,6 мың теңге уақытша орналастырылған ақшалар есебінен;
- 2 841,1 мың теңге, оның ішінде 84,5 мың теңге орталық аппараттағы 2016 жылғы қайтарылған мердігерлердің және қызметкерлердің дебиторлық берешектері мен 2 756,6 мың теңге аумақтық департаменттердің касса арқылы қайтарған қызметкерлердің дебиторлық берешектері.

2018 жылдың 1 қаңтарына ақша қаражатының барлық шығуы - **17 515 664,3 мың теңгені** құрады.

Ұзақ мерзімді активтер **2 284 781,0 мың теңгеге** сатып алынды.

Есепті кезеңнің аяғындағы ақша қаражаты **265 406,4 мың теңге** уақытша орналастыру ҚБШ қалдық ақша.

ТАЗА АКТИВТЕРДІҢ/КАПИТАЛДЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

020 жол бойынша 3 665 237,7 мың теңге, оның ішінде **3 664 119,6 мың теңге** ведомстволық бағыныстағы Мемлекеттік қызмет персоналын басқарудың ұлттық орталығы Акционерлық қоғамы мен РҚММ Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы мемлекеттік басқару Академиясының жарғылық капиталдары және **1 118,1 мың теңге**, оның ішінде **1 009,1 мың теңге** артехқаруларға амортизация қате есептелуі себепті өзгертілген және **109,0 мың теңге** қорларға ауыстырылған негізгі құралдарың жинақталған амортизациясы.

Қаржылық нәтиже есепті кезеңге **1 730 607,7 мың теңге**.

Есепті кезеңнің аяғындағы қаржылық нәтижесі **14 954 063,0 мың теңге**.

2017 жылдың қорытындысы бойынша түгендеу жүргізілді.